



АЛЛАТАУ

Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті №39 (101) 26 қыркүйек 2025 жыл

«АСЫЛ АНА» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРІНДЕ

6 қыркүйек күні Іле ауданы Байсерке ауылдық округінде «Отбасы күні» мерекесіне орай отбасы құндылықтарын, ұлттық мәдени мұраны және ұрпақтар арасындағы сабақтастықты нығайту мақсатында ерекше мәні бар игі шара өтті.

«Отбасы күні» аталып өтті

Қазақы дәстүрді ұлықтаған бұл күнде ұлттық салт-дәстүріміздің бірі — «Тұсау кесу» рәсімі киіз үй ішінде кеңінен ұйымдастырылды. Киіз үй іші ұлттық нақышта безендіріліп, келген қонақтарға қазақтың қонақжай дәстүрін айқын сезіндіретін орта жасалды. Дастархан басында шұбат, қымыз, түрлі дәмдер ұсынылып, халқымыздың ас мәзіріндегі молшылық пен берекенің үлгісі көрсетілді.

Шараны Байсерке ауылдық округінің «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Зәуре Ертісқызы ұйымдастырып, ұлттық тәрбиенің мән-маңызына тоқталды.

Шараға ауыл ақсақалдары, «Асыл ана» мүшелері, Байсерке ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Хамит Ерсұлтанұлы қатысып, бата-тілектерін білдірді.

«Тұсау кесу» рәсімі – сәбидің алғашқы қадамын жақсылыққа бастайтын, оның болашағына жол ашатын киелі дәстүр. Рәсім барысында ақ жаулықты аналар мен ауыл ақсақалдары сәбиге ізгі ниет айтып, жүрер жолы ақ болсын деген тілек білдірді.

Мерекелік жиын ауыл жастарының ұлттық ойындарына ұласып, көкпар тартылып, думанды шараға айналды. Сонымен қатар халық әндері шырқалып, ұлттық өнердің асыл қазынасы дәріптелді.

Бұл күн – бір ғана салтты жаңғырту емес, сонымен бірге ұрпаққа үлгі, жастарға тағылым, ұлттық бірлік пен ынтымақтың айқын көрінісі болды.

Бағдат БЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ,
Іле ауданы «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы.

МЕРЕЙ БИІГІНДЕ

ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ ҰРПАҚҚА АРНАЛАДЫ



«Мен қарапайым қарттарды сүйемін, не деген керім еді?!» деп ақиық ақын Мұқағали айтқандай, бір ұлттың қорғаны болған қарттар - ардагерлер біздің арамызда бар. Солардың бірі де бірегейі – Ұйғыр ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Ербол Нұрсейітов.



Салт-дәстүрлер дәріптелді

Елтай ауылдық округінде “Асыл ана” қоғамдық бірлестік жұмысы бойынша “Қажылық-жүректің тазарып,



рухани жаңғыруы” тақырыбында ұмыт болған салт дәстүрлерді жаңғыру мақсатында іс-шара өтті.

Оған ауданнан ардагер ұйымының төрағасы С.Мәсімақынов, хатшысы Гүлжан апай, С. Бертайұлы және аудандық «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ұ.Бархынова келіп қатысты. Сондай ақ Ұмтыл мен Райымбек округтерінен қонақтар шақырылды.

Келген қонақтар ұмыт болған ұлттық рәсімдер туралы айтып, отбасында салт-дәстүрлердің сақталуының маңыздылығына тоқталды.

Сахналық қойылымда көркем сөйлеген аталар мен аналардың сөздік қоры, мәдени шараның көркін келтірді. “Асыл қазына” ансамблі халық әндерін орындаса, домбырада ойнаған жастарымыз ұлттық мұраны жалғастырушылары екендіктерін көрсетті. Ұмыт болған салт дәстүрлер жастарымыз үшін үлкен мұра болып сақталады деп сенеміз.

Өз тілшімізден.
(Жалғасы 2-бетте)

ЖОЛДАУҒА-ҚОЛДАУ

ӨЗЕКТІ ДҮНИЕ АЙТЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Токаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауы – уақыт талабы мен қоғамның даму бағытын айқындайтын маңызды құжат. Онда еліміздің дамуының жаңа сатысына орай өзекті дүниелер айтылды.

Елдің жаңа технологиялық кезеңге қадам басуы жас ұрпақ үшін зор мүмкіндік ашатыны анық. Біз ардагерлер қауымы ретінде жастардың білімді, бәсекеге қабылетті, жаңа заманға бейім болып өсуін қолдаймыз. Цифрлық өзгерістер халықтың өмір сапасын жақсартуға, елдің болашағын айқындауға қызмет етеді деп сенеміз.

Б.ОРАЛБАЕВ,
Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Райымбек ауданы

Құқықтық мәдениетті арттыру – тәртіп кілті

Жақында Нарынқол ауылында «Заң мен тәртіп» жобасы аясында жастармен мазмұнды кездесу өткізілді.

Кездесуге аудан прокурорының орынбасары Ербол Стамшалов, Райымбек аудандық полиция бөлімінің кәметке толмаған істері жөніндегі инспекторы, полиция аға лейтенанты Ерұлан Октябрь және аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бекболат Бірбаев қатысты.

Кездесу барысында құқықтық мәдениеттің қоғамдағы рөлі, заңға құрметпен қараудың маңыздылығы және жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру жолдары талқыланды.

Жастар арасындағы құқықтық тәртіпті нығайту жолдары жөнінде маңызды мәліметтермен бөлісті. Мұндай кездесулер – саналы азамат қалыптастырудың, құқық пен тәртіпті нығайтудың нақты қадамы. Жастардың белсенділігі мен қызығушылығы бізге үміт сыйлайды!

Өз тілшімізден.

Қонаев қаласы

Темір жол саласы сөз болды

Қосқұдық мектебінің конференц залында Қосқұдық бекетінің ардагерлерімен кездесу өтті. Кездесуге Қонаев қаласы ардагерлер



лер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев, Қонаев торабы теміржол ардагерлерлері ұйымының төрағасы Мұрат Нағыметов қатысып, теміржолда болып жатқан өзгерістермен таныстырып ардагерлердің тізімін жасап, біраз өзекті сұрақтар талқыланды. Қосқұдық ардагерлерінің ішінен Қонаев торабы төрағасының орынбасары болып Жұмабай Үркінбаев сайланды.

Өз тілшімізден.

Ұйғыр ауданы

Марапатталып қайтты

17 қыркүйек күні Есік қаласында «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдармалар басқармасы» ММ ұйымдастыруымен үлкен байқау болып өтті.

Оған Ұйғыр ауданы Шонжы ауылдық округі «Белсенді ұзақ өмір орталығы» КММ филиалы әжелерден құралған ансамбль де қатысты. Осы байқауда Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы Рая Сартолова «Бағаландар әйелді» әнін орындап, «Алғыс хатпен» марапатталып қайтты.

Н. БАЙСЕРКЕЕВА,
Ұйғыр ауданы «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы.

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының Құрметті азаматы.

«АСЫЛ АНА» ҚОҒАМДЫҚ
БІРЛЕСТІКТЕРІНДЕ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Отбасы құндылықтарын дәріптеу, мәдени мұра мен ұлттық дәстүрді сақтау және ұрпақтар арасындағы шығармашылық байланысты нығайту мақсатында Іле ауданы А. Тоқпанов ауылдық округінде тағылымды шара саналатын келін түсіру рәсімі өтті.

Келін түсіру
рәсімі



Ұлттық дәстүрімізді жаңғыртып, жас ұрпаққа өнеге көрсетуге бағытталған бұл мерекелік шара халықтың салт-дәстүрге деген құрметін тағы бір мәрте айқындады. Сондықтан да ұлттық рәсім әдейі қазақ үйде өткізілді.

Шараны А. Токпанов ауылдық округінің “Асыл ана” қоғамдық бірлестігінің төрайымы Бейбіткүл Нұрғабилқызы ұйымдастырып, ауыл ардагерлері мен көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Ардагерлер кеңесінің төрағасы Меліс Ділдебайұлы игі бастамаға қолдау көрсетіп, ұлттық құндылықтардың жас буын тәрбиесіндегі маңызын атап өтті.

Іс-шарада А. Токпанов ауылының “Қазына” ансамблі сахналық қойылым ұсынып, қазақ халқының келін түсіру дәстүрін шынайы түрде көпшілік назарына жеткізді. Жаңадан түскен келінді басына ақ орамал жауып, шымылдыққа жүзін төмен қаратып отырғызып қойды. Айналасына қайынсіңілілері жайғастырылды. Ауыл аналары жаңа түскен келінді көруге келді. Келін болса шымылдыққа кірген әрбір анаға орнынан тұрып ілтипат танытты. Көп ұзамай беташар тойы басталды. Екі абысыны басына ақ орамал жабылған жас келінді сүйеп ортаға әкелді. Бет ашуға арнайы асаба шақырылып, жас келінге рет-ретімен жақын туыстары таныстырылды. Әрбір адамның аты аталғанда жас келін екі қолын айқастырып, иіліп сәлем жасап тұрды. Беті ашылған келіннің маңдайынан енесі сүйіп, ақ батасын береді.

Қазақ үйдің қонақжайлығы мен сахналық көріністің нанымдылығы көрермендерді ерекше әсерге бөледі. Кеш соңында әуелеген әндер шырқалып, ұлттық өнердің әсем әуені думанды шараның шырайын кіргізді.

Келін түсіру рәсімі – тек қана отбасы құндылықтарының көрінісі емес, сонымен қатар ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын мәдени мұрамыздың жарқын айғағы. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай игі шаралар ауыл тұрғындарын бірлікке шақырып, жастардың бойына ата-баба дәстүріне деген құрмет пен сүйіспеншілікті ұялатады.

Бағдат БЕЙСЕНБЕКҚЫЗЫ,
Іле ауданы «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы.

Салт-
дәстүрлердің
маңыздылығы

17 қыркүйек күні Кеген ауданы Жалағаш ауылында аудандық ардагерлер ұйымының жоспарына сәйкес «Отбасы күні» аясында отбасылық құндылықтар, мәдени мұраны және ұрпақтар арасындағы креативті өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған іс-шара болып өтті.

Оған аудандағы 12 округтен ардагерлер кеңестерінің, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің, аудандық «Алатау жастары» ұйымының төрағалары, Жалағаш ауылының тұрғындары, қариялары,



әжелері және жастары, сонымен бірге колледж студенттері қатысты. Жалағаш ауылының ардагерлері мен әжелері қазақтың ұлт дәстүрін жастарға үлгі ету мақсатында бесікке салу, тұсау кесер, қыз ұзату, сыңсу айту сияқты көріністерді сахна төріне шығарып, театрланған түрде көпшілікке ұсынды. Шараның арты ауыл ардагерлерінің, жастарының, әжелерінің қойған концертіне ұласты. Залға жиналған қауым ұлттық салт-дәстүрлердің тәрбиелік маңыздылығын айтып, іс-шараны ұйымдастырушыларға рахметтерін айтты.

С.ДОСЫМБЕКОВ,
Кеген аудандық арадегер ұйымының төрағасы.

ТҮЙЕ КЕРУЕНІ -2025

Рекорд орнатуы мүмкін

Алматы облысы Іле ауданының Күрті ауылдық округінде ұлттың өшкен рухын қайта түрлендіріп оятқан тарихи оқиға орын алды. Іледегі бәрімізге етене таныс “Дәулет Сыдық” түйе шаруашылығы бір мезетте 1200 түйе керуенін жүргізіп, әлем рекордын жаңаратты десе де болады.

Қазіргі қоғамға аса қажетті ұлттық рухты жаңғырту, көшпелі мәдениетті дәріптеу, елдің басын қосып, кең далада той өткізу, сондай-ақ туризм мен кәсіпкерлікті дамыту мақсатында ұйымдастырылған «Әлемдегі ең үлкен түйе керуені – 2025» атты ауқымды мәдени шара әлемдік деңгейде өтті.

Бұл бастама Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен және атап өткендей, өңірдің ірі шаруашылықтарының бірі «Даулет-Бекет» түйе шаруашылығының жетекшілігімен жүзеге асты. Керуен құрамына 1200 түйе енгізіліп, олар арнайы дайындалған 1 шақырымдық жолды жүріп өтті. Бұған дейінгі әлемдік рекорд 2022 жылы Қытайда тіркелген болатын. Ол кезде тек 365 түйе қатысқан еді. Осылайша, Қазақстан бұл жетістікті үш еседен астам арттырып, әлем назарын өзіне аударды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің соңғы Жолдауында: «Ұлттық мәдениетімізді сақтау мен дамыту – әрбір азаматтың парызы. Біз өз дәстүрімізді құрметтеп, жастарға жеткізуіміз керек», – деген болатын. Алматы облысы әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы бұл шараның ел үшін маңызын ерекше атап өтті: «Бұл – тек мәдени іс-шара ғана емес. Бүгінгі мың түйеден құралған керуен халқымыздың көшпелі өмір салтының айшықты мұрасын әлемге паш етіп, жаңа заманға үн қатқан тарихи оқиға. Бұл арқылы біз жастарға ата-бабамы-

Ауқымды шараны республикалық



БАҚ пен телеарналар тікелей эфир арқылы көрсетті. Туристік агенттіктермен бірлесе отырып, отандық және шетелдік туристердің қатысуы қамтамасыз етілді. Мыңдаған көрермен тарихи сәттің куәсі болды.

Бұл рекордқа бастамашы болған «Даулет-Бекет» шаруа қожалығы түйе шаруашылығы саласында аймақтық қана емес, халықаралық деңгейде де көш бастап келеді. Шаруашылық басшысы Сыдық Даулетов өз сөзінде:

– Біздің мақсатымыз – түйе шаруашылығын дамыту арқылы ұлттық

Тарихи сәттен кейін ол былай деп пікір білдірді:

–Мен мұндай көлемдегі түйе керуенін бірінші рет көріп отырмын. Қазақстанның бұл жетістігі тек ұлттық мәдени мұра ғана емес, бүкіл әлемдік

казына ретінде бағалануы тиіс, – деді ол.

Осылайша, Қазақстан ресми түрде «Әлемдегі ең үлкен түйе керуені» атағын иеленуге ат салысты деуге болады. Бұл ел тарихында ғана емес, бүкіл түркі әлемінде тұңғыш рет тіркелген жетістік болады.

Бұл шара Алматы облысының туризм саласына жаңа дем бермек. Аймақтың табиғи байлығы мен мәдени мұрасын насихаттау арқылы ішкі және сыртқы туризмнің әлеуетін арттыру көзделіп отыр.



здың ұлы мұрасын танытып, туризмді дамытамыз, аймақ экономикасына серпін береміз», – деді ол.

Шара барысында ұлттық нақыштағы он бір киіз үй, келген қонақтар тамақтанатын бірнеше шатырлар тігіліп, қонақтарға дәстүрлі тағамдар ұсынылды. Арнайы фудкорт аймағы жұмыс істеп, шұбаттың дәмін тату мүмкіндігі жасалды. Сонымен қатар белгілі эстрада жұлдыздары мен өңір өнерпаздары қатысқан концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.

Керуеннің қауіпсіз әрі ұйымдасқан түрде өтуіне ерекше мән берілді. Патрульдік полиция қызметкерлері, өрт сөндіру техникасы, медициналық қызмет және ветеринарлық бақылау толық қамтамасыз етілді. Қоғамдық тәртіпті сақтау үшін турникеттер орнатылып, көрермендердің керуенге жақындауына шектеу қойылды.

өнімдерді әлемдік нарыққа шығару. Бұл шара – Қазақстанның тек рекорд жаңартып қана қоймай, өз бренді мен мәдениетін танытудың үлкен қадамы. Бүгінгі күнге өзін де таңғалып отырмын. Ең алғашында жалғыз түйемен бастап едім. Енді міне талай қиындықтар мен ерен еңбектің нәтижесінде рекорд орнатқалы жатырмын. – деді.

Гиннес рекордын тіркеу процесі өте жіті бақыланады екен. Түйенің жасы 7 жастан асқан болуы керек, түйеде моральдық, психологиялық, физикалық күш көрсетілмеу, керуен жүргенде арасы үзіліп қалмауы сияқты ережелері бар екен. Сондықтан рекорд орнату оңайдың ісі емес екен көрініп тұрды.

Іс-шараға Англиядан арнайы келген Гиннестің рекордтар кітабының өкілі Ричард Стэннинг қатысып, керуеннің әр қимылын қатаң бақылап отырды.

Әкім орынбасары Бақытнұр Бақытұлы бұл бағыттағы жұмыстардың жалғасатынын атап өтті:

- Іле Алатауы мен Балқаш көлінің аралығында орналасқан біздің өңірде туризмді дамыту үшін зор мүмкіндік бар. Біз мәдени шараларды жиі өткізу арқылы туристерді тартуды көздейміз, – деді ол.

«Әлемдегі ең үлкен түйе керуені – 2025» іс-шарасы Қазақстанның ұлттық құндылықтарын дәріптеп қана қоймай, еліміздің мәдени және туристік брендіне айналуға жол ашты. Ал, нақты түйе керуені рекордын жаңарту бойынша нәтижені арнайы сараптамадан кейін Гиннестің рекордтар кітабының ұжымы бір ай көлемінде жариялайтын болады.

Бағдат ШОЙБАС.
Іле ауданы.

ҰЛЫ АБАЙДЫҢ 180 ЖЫЛДЫҒЫ АЯСЫНДА

СЕМЕЙГЕ
САПАР

Жақында ұлы Абайдың 180 жасқа толуына орай Өтеген батыр ауылының № 13 орта мектебінде ұзақ жыл ұстаздық қызмет атқарып, зейнетке шыққан бір топ мұғалімдер Ардақ Сүлейменованың ұйымдастыруымен Семей қаласына барып қайтты.

Мақсат ұлы ақынның ізі қалған жерлерді аралау еді. Өнердің, білімнің, тарихтың бастауы болған Семей өте әдемі қала екен. Сапарға шыққандар ең алдымен Семей полигоны құрбандарына тағзым етті. Содан соң Абай мұражайының құнды жәдігерлерін тамашалады. Көптеген шығармалары, қолжазбалары, өміріне байланысты жәді-

герлерін көріп тамашалады. Заманауи техниканы пайдаланып, әндерін тыңдады.

Кешкі Ертіс өзені бойымен теплоходпен серуендеді. Оның үстіне олардың Абай атамыздың «Желсіз түнде жарық ай» әнін шырқағаны ұмытылмайтын сәт болды. Этнокафедегі кешкі дастархан, айналадағы безендіру, жас әншілердің айтқан әндерімен жалғасын тапты.

Бұл сапарда Құралай, Төлеусара, Ұлдан, Шакура, Даматай секілді апайлардың, Нұрғаным, Зухралардың белсенділіктеріне, өмірге деген құштарлықтарына, жаңашылдықтарына көпшіліктің тәнті болғаны анық. Тарихи тағылымы мол саяхатты ұйымдастырған Ардақтың балалары Қайрат пен Аймаңға, сіңділері Шолпан, Мерует, Жанар, Гаухарларға алғыстары шексіз!

Баян ЖҰРЫНОВА,
ардагер ұстаз.
Іле ауданы.

● ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Теміржолшы ардагерлердің ұйымы құрылды



Қонаев қаласының кітапханасында «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы акционерлік қоғамының «Алматы аумағының теміржолшы ардагерлері» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Думан Умаров пен ұйым орынбасары Шалабай Жантайлаков, қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Базарбай Оралбаев және ардагер теміржолшылармен бас қосқан жиын болып өтті.

Дуан Умаров Қазақстан теміржолында болып жатқан өзгерістермен ой бөлісіп ұйым құруға ниеттеніп отырған қалалық теміржолшы ардагерлерге қандай жеңілдіктердің пайдалана алатындықтары жөнінде ой бөлісті.

-2010 жылдың 19 мамырында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген жұмыс істемейтін зейнеткерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды есепке қою тәртібі туралы ереже бар. Осы ережеге байланысты Ардагер-теміржолшылар кеңесіне теміржол көлігіндегі еңбек өтілі 10 жылдан кем емес және зейнетақы жасына Ұлттық компаниядан шыққан тұлғалар, сонымен қатар Қазақстанға қоныс аударған ТМД елдерінің теміржол көлігінде жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққан және еңбек өтілі 10 жылдан кем емес тұлғалар, сондай-ақ денсаулық жағдайына немесе жарақат алуына байланысты 1-ші және 2-ші топ мүгедектігі тағайындалуына байланысты жұмыстан босатылған компания қызметкерлері мүше бола алады,-деп Дуан Қымыранұлы.ұйымға кімдердің мүше бола алатындығын түсіндіріп өтті.

Жанадан құрылған ұйымның басты міндеті саналы ғұмырын теміржолға сарп еткен зейнеткерлердің құқықтары мен мүдделеріне қызмет етіп, ұжымдық келісімшарттағы жеңілдіктерді пайдалануын қамтамасыз етіп, реті келсе бағыт-бағдар, кеңес беру болып табылады.

Қонаев қалалық теміржолшы ардагерлері ұйымының төрағалығына Мұрат Нағыметов сайланды. «Алматы аумағы теміржолшы ардагерлері» ұйымының төрағасы Дуан Умаров пен Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев алдағы уақытта ынтымақтастықта жұмыс істеу жөнінде меморандумға қол қойды.

Занғар АЛТАЙ,
Қонаев қаласы.

● КӨКЕЙКЕСТІ

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАРАЗЫ ТАЛҚЫСЫНАН ӨТТІ

Бүгінгі күнделікті өмірімізде пісіп-жетілуін күтіп тұрған өзекті мәселелер жетерлік. Күн тәртібінен түспейтін сондай толғақты жайлар уақтылы шешімін тауып отырса, атқаратын міндет те азая түседі. Халықтың қажеттілігі де қанағаттандырылып жатады. Нендей проблеманың болса да түйіні табылады.

Таяуда Қарасай аудандық ардагерлер ұйымының басшылығымен қалалық және ауылдық ардагерлер және аудандық «Асыл ана» ұйымдарының төрағалары мен төрайымдары бас қосқан үлкен жоспарлы жиыны болып өтті. Жиынның бет-пердесін кіріспе сөз сөйлеп ашқан ардагерлер төрағасы Сағат Мәсімақынов қаралатын мәселелерге байланысты жан-жақты тоқталып, олардың әрқайсысына кеңінен түсініктеме беріп шықты.

Расында да күн тәртібіндегі мәселелердің көтерер жүгі салмақты. Әсіресе, Қаскелең қаласындағы Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің жесірлеріне және тыл ардагерлері мен мүгедек зейнеткерлерге жасалып жатқан қамқорлықтың жайы қалай болып жатқанына ерекше мән берілді. Бұл жөнінде Қаскелең қалалық әкімдігінің бас маманы Динара Ақашова нақтылы деректер мен дәйектерге сүйене отырып, өзінің ойларын толығымен ортаға салды. Сондай-ақ, осынау бағытта орын алып отырған олқылықтар мен кездесіп келе жатқан кедергілерді де жасырып қалмады. Сонымен қатар Динара Шаймұханқызы көпшілік тарапынан қойылған сұрақтарға да қонымды жауап беріп, қатынасушыларды риза етті. Қаскелең қаласында қазір 7792 зейнеткер тұрады. Осының ішін-

де Ұлы Отан соғысы ардагерінің 7 жесірі, 116 тыл еңбеккерлері, осылардан 95 жастан асқан 9 қария бар. Осыншама адамға тиісті қамқорлық жасау деңгейі ешқашан да назардан тыс қалған емес. Қалалық әкімдіктің қатаң бақылауының арқасында оларға тұрақты түрде көмек көрсету мәселесі барған сайын жанданып барады. Сол сияқты есепте тұратын мүгедек зейнеткерлерге жасалып жатқан қамқорлық та талап деңгейінде екенін айта кеткен жөн. Оларға қажеттілігіне сай көрсетіліп жатқан әлеуметтік-тұрмыстық көмек ойдағыдай деуге болады.

Кезекті сөз алған Қарасай ауданы бойынша «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының» жауапты маманы Аңсар Мұхаметжанова жанға жағымды жаңалықтарымен жиналғандарды қуантып тастады. Ұмтыл ауылында халықтың қажеттілігіне орай үстіміздегі жылдың ақпан айынан жұмысын бастаған орталықтың алғашқы қадамының өзі ауыз толтырып айтарлық деңгейде екен. Атап айтқанда, орталықтың негізгі мақсаты – үлкен жастағы азаматтар мен азаматшалардың әлеуметтік белсенділігін арттыру, денсаулығын нығайту, мәдени және спорттық өмірге кеңінен араласуына мүмкіндік жасау. Аталған орталық, бұл тұрғыдан

● 2025- ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшылар жылы» деп жариялаған болатын. Осыған орай ауданның орталық алаңында «Керуен» іс-шарасы өтті.

Бұл шараның негізгі мақсаты еңбек адамын дәріптеу, жастарды адал еңбекке баулу, қарапайым жұмысшы мамандықтарының қадір-қасиетін ұғындыру болып табылады. Бұл игі шара жас буынға еңбек ете отырып,



өз кәсібін нақтылау мен адал еңбек етуге шақыруды көздейді. Ең алдымен қол өнер сондай-ақ, еңбек өтілінің алғы шебінде тұрған мамандықтар көрмесі таныстырылып, ондағы еңбек адамының туындылығы таныстырылды.

Алғаш құттықтау сөз алған аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев: -Бұл шара қоғам дамуының негізгі тірегі болған еңбек адамының мәртебесін көтеруге, олардың қоғамдағы ролін айқындауға, мамандыққа деген бағыт-бағдар беретін ерекше игілікті шара болмақ. Адал еңбегімен өңіріміздің өркендеуіне үлес қосып жүрген барша жұмысшы қауымына аудан халқы атынан алғыс білдіремін,- деді.

«Керуен» жобасына ұйымдастыруға қосқан үлестері үшін аудан әкімі Нұрбақыт Молдахметұлы Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжі ұжымына, «Қазақстан этнодизайнерлер Одағы» Қоғамдық бірлестігінің ұжымына, «Сарыжаз кәсіптік-техни-

КЕЛЕШЕГІ БАР ЖОБА

калық колледжі» ұжымына, «Кеген МясоПром» ЖШС бас директоры Баймолдаев Тоқтарбекке, «Көлсай кәсіптік-техникалық колледжінің» өндірістік оқыту шебер Қабылов Нұрсұлтанға, Кеген-Райымбек желілік техникалық цехның 7 дәрежелі электромонтеры Молдабеков Айдынга, Кеген аудандық электр торабының бас инженері Сұлтанов Ай-



бекке, «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі өрт сөндіру автокөлігінің жүргізушісі Шарғынов Мақсатқа, «Кеген МясоПром» ЖШС қызметкері Қалжатаев Дәулетке, жеке кәсіпкер Ербол Дамираға, Кеген ауылы балалар өнер мектебінің

бейнелеу өнері пәнінің мұғалімі Әлімқұлов Олжасқа Алғыс білдіріп, сый табыс етті.

Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжінің директоры Кішібаева Бақытгүл, Жалағаш ауылдық округі әкімі Садырова Айгүл, жастар атынан Оспанжан Ақниет сөз сөйлеп ізгі ниетін білдірсе, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Досымбекова Сабыр ақсақал ақ батасын берді.

Елімізде соңғы жылдары еңбек адамының беделін арттыруға бағытталған ауқымды жұмыстарға үлкен мән берілуде. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан» құру жолында білімді, білікті кәсіби мамандардың орны бөлек», деп атап көрсеткен болатын. Бұл тұрғыда жұмысшы мамандық иелерінің қоғамда сұранысы мен маңызы артып келеді. Қай кезеңде болмасын, өндіріс пен ауыл шаруашылығы,

құрылыс, қызмет көрсету саласының алдыңғы шебінде адал еңбек етіп жүрген қарапайым жұмысшылар тұрағыны белгілі. «Керуен» жобасының көздеген мақсаты да – еңбек адамының абыройын аскактату мен жастарды жұмысшы мамандықтарға тарту мен олардың қызығушылығын арттыру.

Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту бойынша бүгінгі күнге 20 азамат «Аспазшы», 6 азамат «Орманшы» мамандықтары бойынша «Көлсай» кәсіптік-техникалық колледжіне жіберіліп, бітірісімен мамандықтары бойынша жұмысқа орналасты. Elnbek.kz сайты арқылы 160 жұмыссыз азамат оқыту жоспарланып, 272 азамат оқытылған. 2025 жылы «Жаңа бизнес идеялары» іске асыруға бағытында 10 азамат мемлекеттік қайтарымсыз грант ұтып алып, өз кәсібін ашты.

Іс-шара соңы аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламасына ұласты.

Лаура МҰХАМЕТҚАЛИ.



алғанда көптің көңілінен шығарлық нәтижелі жұмыстар атқарып келеді.

Мәселен, жоғарыда аталған көрсетілетін қазмет түрлеріне орай бүгінгі күні орталыққа ауыл бойынша 110-нан астам адам тіркелген. Орталыққа тіркелгендердің жас шамасы 58-85 жасты құрайды. Бұларға орталықта 15 қызметкер қол ұшын беріп, мінсіз қызмет көрсетіп тұруды өздерінің басты парызы санайды. Бір атап айтарлық жай, орталыққа тіркелушілердің саны күн санап көбейе түсуде. Бұған тек ауыл жұртшылығының ғана емес, сырттағы ауыл халқының да қызығушылығы артып келе жатқандығы қуантады. Тегін көрсетіліп жатқан орталық қызметіне халық енді бара бастады. Оның тигізер пайдасының көп екеніне де көздері

жетуде.

Бұдан соң аудандық «Алатау жастары» ұйымының төрайымы Жарқынай Сәдуава аудан жастарының бүгінгі таңда атқарып жатқан жұмыстарының барысына егжей-тегжейлі тоқталды. Оның сөзіне қарағанда аудан жастары игі бастамалардың иегерлері болып келе жатыр. Оның бәрін тізбелеп айтып шығу мүмкін емес. Ең бастысы, жастар ұйымы кемел келешегіміздің тұтқасын ұстайтын тәрбиенің талбесігінде жүрген, аға ұрпақтың лайықты ізбасарлары болатын, Отанға деген сүйіспеншілік сезімді серік еткен ұлағатты ұрпақ өсіп келе жатқанын айырықша атап өтті. Жалындап тұрған жастарға сенуге болатынына нақты мысалдар келтірді.

Осыдан аз уақыт бұрын еліміз

бойынша қазақтың ұлы ақыны, кеменгер ойшылы, ақыл-ойдың алыбы Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойы аталып өткені белгілі. Осыған орай Елтай ауылдық округінде елдің есінде қаларлық игілікті іс-шараның өткені талайды тандандырып тастады. Міне, Сәлібеков осы шара туралы ой-толғамдарын ортаға салды. Абай өмірін бастан-аяқ бейнелейтін арнайы альбом жасалғанын көрсетіп, көпшіліктің көңілін көке жеткізді. Сол сияқты Абайдың тойына ардагерлерді бастап барған Іргелі ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Егінбек Егеубеков сол тойдың алған әсерлерін майын тамызып тұрып әңгімелеп берді. Алып келген той альбомын ардагерлер ұйымына сыйға беріп, қуанышка бөледі.

Жиналыстың арасында аудандық ардагерлер ұйымының хатшысы болып ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп келе жатқан, 85 жастағы Гүлжан Супиеваны облыстық ардагерлер ұйымының ұйғарымымен «Алматы облысының Құрметті ардагері» медалімен марапаттапты. Оны аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақынов пен аудандық «Асыл ана» ұйымының төрайымы Ұлтай Бархимова салтанатты жағдайда табыс етті. Сөйтіп, ардагерлер жиыны қоғамымыздың қозғаушы күші екенін тағы да бір атқарып жатқан жұмыстарымен айғақтап тастады.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Қаскелең қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы.
Қарасай ауданы.

ЕСКЕ АЛУ

ҰМЫТЫЛМАЙТЫН
ҚОС БЕЙНЕ

Күрмеуі қысқа мына өмірде қандай құда-жекжаттан, дос-жараннан, әріптестерден айрылды. Соның ішінде қабырғанды сөгіп, жаныңды ауыртатын, өзегіңді өртейтін қимас жандар болады.

Ол әрине, ет жақын туған ата-ана мен бауырлардың. Айдарбековтар әулеті үшін әкеміз Ақын мен анамыз Айқанның өлімі өте ауыр тиді. Ардақты әкеміз Ақын Айдарбекұлы тірі болса бүгінде 97 жасқа толар еді. Амал не, осыдан тура 30 жыл бұрын дүниеден озды. Ал, анамыз Айқан Әкебайқызы әкемізден кейін араға 10 жыл салып мәңгілік мекеніне аттанды. Ол тірі болса 89 жасқа келетін еді. Тағдырдың жазуы шығар, бүгінде екеуі де өмірде жоқ. Дей тұрғанмен олардан тараған ұрпақ қазір үлкен бір әулетке айналды. Қыздары Клара Ақынқызы мен Гүлсара 70 жастан асты. Ұлы Біләл мен қыздары Сара жетпіске жақындаса, Бану, Қарлығаш та жер ортасынан ауды. Олардан тараған немере, шөберелері шүкіршілік. Немерелерінің барлығы еліміздің әр саласында өз мамандықтары бойында еңбек етіп, ұрпақтарын өсіріп жатыр. Өкініштісі-туған бауырымыз Тұрғынбайдың да өмірінің тым ерте үзілгені.

Ақын Айдарбекұлының туған атасы Жұмай ақсақал ауылына қадірі артқан, малды-жанды жомарт жан болыпты. Қазіргі Шелек ауылының жоғарғы жағында Жұмай сайы сол атамның құрметіне аталғандығы көп жайды аңғартса керек. Ата қоныстары бұрынғы Шелек ауданының Малыбай деген ауылы болғанымен әлде бір себептермен Нарынқол өңіріндегі Қаратоған елді мекеніне көшіп барады. Жұмай ақсақалдың Айдарбек, Исабай атты екі ұлы болыпты. Сұрапыл соғыс басталғанда Айдарбек пен Исабай алдыңғылардың қатарында майданға аттанады. Олардың өмірлік жолдастары Күмісжан мен Гүлсағира ежелері Үкі апаның ақылмен бір шаңырақтың астына жиналып, балаларын бірге тәрбиелей бастайды. Сонда Айдарбек атамның тұңғышы Ақын 13 жастағы бала екен. Көз ашық, сауатты Гүлсағира Қаратоғандағы колхозда бригадир болғандықтан күні-түні жұмыстан қолы босайтын көрінеді. Екі отбасының бар ауыртпалығы 13 жасар бала Ақын Айдарбекұлы мен анасы Күмісжанның мойнына түседі. Осылайша бұғанасы қатпаған бала анасымен бірге қолжаздың кез келген қара жұмысын істеп ерте ержетеді. Оның сыртында артынан ерген бауыры Қадірақын мен қарындастары Еркехан, Нәзіла, Советхан, кіші әкесі Исабайдың ұлдары Қасен мен Барыстың күтімін де өз мойнына алады. Ағайынды Айдарбек пен Исабай соғыста қаза тапқаннан кейін көп ұзамай кіші шешесі Гүлсағира басқа біреуге тұрмысқа шығып кеткенде үлкен әжелері Мамия мен Үкі екі бала Қасен мен Барысты алып қалады.

Соғыс біткен соң тірлікке ерте араласқан Ақын колхозда бригадир, бөлімше басқарушысы қызметтерін атқарып, өзінің бауырларымен қатар кіші әкесінің ұлдары Қасен мен Барысты бірге тәрбиелеп, қатарға қосады. Жасы келіп, қартайған үлкен әжелері Мамия мен Үкіні өз қолымен арулап жер қойнына тапсырады. Туған інісі Қадірақыннан бұрын Қасен мен Барыстың оқып, жоғары білім алуларына жағдай жасайды. 1956 жылы отбасылық жағдаймен Кеген ауданының Қарқара ауылына көшеді. Бұл жерде де Ақын аға совхозда бөлімше басқарушысы болады. Кейіннен сатушылық жұмысқа ауысады. Айтқан сөзіне берік, біреудің ала жібін аттамайтын Ақын аға өте турашыл әрі әділ адам болған екен. Біреудің кемшілігін көрсе ойындағысын бетке айтып салатын көрінеді. Өзі де өтірік айтпайтын болған соң, басқалардан да шындықты талап ететін. Былай қарағанда сұсты, қатал көрінгенімен жаны мейірімді болыпты. Жүзі суық, іші жылы болғандықтан бәз біреулерге жәрдем жасап, қолынан келген көмегін аямайтын. Жан жары Айқан апамыз да артық-ауыз сөзі жоқ, біртоға адам болыпты. Біреудің артынан ғайбат сөз айтқан адам емес. Үйдің шаруасымен, бала-шағасының тәрбиесімен айналысыпты. Екеуі де өздерінің адал еңбектерімен өмір сүріп, қоңыр тіршілік кешеді. Олар ұрпағын әділдік пен турашылдыққа, қарапайымдылық пен ізгілікке, имандылық пен ибалыққа үйретіп, балаларының бойына ұлттық салт-дәстүрді сіңіре білді. Жаксылық пен жамандықтың ара жігін ажыратуды үйретті. Туысқа мейірімді, басқаларға қайырымды болуды зердемізге жеткізді.

Әрине, бұл жалғанда ешкім де, еш нәрсе де мәңгілік емес. Тау да құлайды, су да тартылады. Сол сияқты адам да уақыты келгенде о дүниенің есгін ашады. Алайда, балалары үшін ата-ананы ұмыту, олардың жарқын бейнесін естен шығару мүмкін емес. Оларға деген сағынышымыз мәңгілікке қалады.

Біреудің ала жібін аттамай, адалдықты, әділдікті жандарына жалау, жүректеріне алау етіп ұстаған әкеміз Ақын мен анамыз Айқан екі дүниенің қызығын көрсін! Нұрлары пейіште шалқысын!

Айдарбековтар әулеті атынан Роза Е.ЛІКБАЕВА

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ҚҰРМЕТТІ ЕРБОЛ НҰРСЕЙІТҰЛЫ!

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл жас-өмірдің ең бір қадірлі белесі, даналық пен парасаттың шыңы. Жетпіс жылдық ғұмыр-артына өнеге қалдырған, елге сыйлы, ағайынға ардақты, ұрпаққа үлгі болған үлкен мектеп.

Өмір жолыңызда еткен еңбегіңіз бен елге жасаған игілікті істеріңізді, отбасыңызға көрсеткен мейіріміңізді бүгінгі ұрпақ зор құрметпен айтады. Сізді көрген жан адами қасиеттің, кісіліктің, кішіліктің, адалдықтың үлгісін көреді.

Алдыңызда әлі де қуанышы көп, мерейі үстем жылдар болсын! Артыңыздан ерген ұрпағыңыз аман, қызығыңыз баянды болсын. Деніңізге саулық, отбасыңызға шаттық, ортамызда аман-есен жүріп, ұзақ ғұмыр кешуіңізді тілейміз.

Жетпісіңіз құтты болсын!

Ізгі тілекпен,

Шоңжы ауылының ардагерлері атынан А.Тохтыбакиев

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ
ДАУІРІНДЕГІ БАЛА ТӘРБИЕСІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев үстіміздегі жылдың қыркүйек айындағы Жолдауында жасанды интеллектіге аса мән беріп, осы жөнінде арнайы министрліктің құрылатындығын айтты. Шын мәнінде бүгінде технологияның дамуымен бірге жасанды интеллект (AI) біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Балаларымыз интернет, гаджет, чат-боттар мен түрлі интеллектуалды платформалар арқылы білім алып, ойын ойнап, қарым-қатынас жасауда.

2024-2025 жаңа оқу жылы – білім беру саласына жаңа серпін, жаңа технологиялық бағыт әкелді. Еліміздегі мектептерде жасанды интеллект (AI) технологиясын қолдану тәжірибе жүзінде енгізіле бастады. Бұл – заманауи білім беру үрдісіндегі үлкен қадам. Осы тұста сіздерге бірқатар маңызды кеңес ұсынамын:

1. Бақылау емес, бағыттау маңызды

Баланы толықтай шектеудің орнына, онымен бірге отырып пайдалы платформаларды тандап, қолдануды үйретіңіз. Жасанды интеллект көмегімен оқу, іздену, тіл үйрену сияқты пайдалы дағдыларды дамытуға болады.

2. Ақпарат сүзгісін үйретіңіз

Интернеттегі әр ақпарат шындыққа жанаспайды. Баланы ақпаратты тексеруге, талдауға үйрету болашақта үлкен пайдасын тигізеді.

3. Эмоциялық тәрбие ұмыт қалмасын

Жасанды интеллект қанша дамыса да, баланың адаммен қарым-қатынас жасау, эмоцияны түсіну, жауапкершілік пен ізгілік сынды қасиеттерін тек ата-ана ғана қалыптастырады.

4. Уақытты шектеу маңызды

Балаға құрылғыларды пайдалану уақытына шек қою – оның көзінің, психикасының, ұйқысының дұрыс дамуы үшін өте қажет.

5. Өздеріңіз де үйреніңіздер

Жасанды интеллект сізге де көмекші бола алады. Балаңызбен бірге жаңа технологияны меңгеру – екеуара байланысты нығайтады әрі үлгі бола аласыз.

Қорытынды:

Жасанды интеллект – қауіп емес, дұрыс қолдана білсек, мүмкіндік. Бастысы – баланы адами құндылықтармен тәрбиелеп, технологияны соған қызмет ететін құрал ретінде пайдалануға дағдыландыру. Ең жақсы тәрбие – ата-ананың саналы бағыт-бағдары!

Гүлзира НУРИҚЫЗЫ,
А.Қарсақбаев атындағы
орта мектептің директоры.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Білім беру объектілерінде тамақтан
ұланудың алдын алу

Ұйымдасқан ұжымдардағы қоғамдық тамақтану және сауда объектілері эпидемиологиялық маңызы жоғары объектілер болып табылады. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қызмет басталар алдында эпидемиологиялық маңызы жоғары объектілер объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды (бұдан әрі - СЭҚ) алуға міндетті. Олардың СЭҚ-сыз қызметі заңсыз болып табылады.

Білім беру ұйымдарында тамақтану ұланудың және ЖИИ-ның негізгі себептері ас блогы қызметкерлерінің қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтамауы, атап айтқанда: жеке гигиена ережелерін, тамақ дайындау, тамақ өнімдерін сақтау технологияларын бұзуы болып табылады.

Оқушылар арасында тамақтану ұлануы мен ЖИИ алдын алу үшін мыналарды есте ұстаған жөн:

- тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатын олардың сапасы мен қауіпсіздігін қуалаңдыратын құжаттар болған жағдайда ғана қабылдауды жүзеге асыру;
- балаларды термиялық өңдеусіз тамақтандыру үшін пайдаланылатын шикі өнімдер мен өнімдерді сақтаудың бөлек шарттарын сақтау. Тез бұзылатын өнімдерді (ет, балық, сүт, ашытылған сүт өнімдері және т. б.) дұрыс сақтау және уақтылы пайдалану ерекше назар аударуды қажет етеді;
- тамақ дайындау технологиясын сақтау;
- дайындалған және өткізілген тамақ өнімдері мен аспаздық тағамдардың тәуліктік сынамаларын стерильді ыдыстарға іріктеуді, оларды дайын тамақ өнімдері үшін тоңазытқыш жабықта +2 °C - +6 °C температурада 48 сағат бойы сақтауды қамтамасыз ету;

- ас үй жабдықтары мен асхана ыдыстарын өңдеу режимдеріне қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету.

Көрсетілетін қызметті берушілер азық - түлік объектілерінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын өндірістік бақылау-өзін-өзі бақылауды ұйымдастыру және жүргізу арқылы өнімнің балалардың денсаулығы үшін қауіпсіздігін және (немесе) зиянсыздығын қамтамасыз етуге міндетті.

Мектеп оқушыларын тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде «Флоттағы» макарон, зельц, форшмак, желе, паста, фаршталған құймақ, күрделі (төрт компоненттен астам) салаттар, майонез және қаймақ қосылған салаттар, окрошка, крем бар кондитерлік өнімдер, жүзгәк пісірілген жұмыртқа, глазурь жұмыртқаларын, өнеркәсіптік емес (үйде) дайындалатын тамақ өнімдері және т.б. - белгілі бір жағдайларда балаларда тағамдық токсикоинфекция, жіті ішек инфекциясын тудыруы мүмкін эпидемиологиялық тұрғыдан қауіпті тағамдар екендігін ескеріп, оларды жасауға және сатуға жол берілмейтінін есте ұстаған жөн.

Қоғамдық тамақтану объектісінің қызметкерлері заңнамада белгіленген тәртіппен мерзімді медициналық тексеруден, гигиеналық оқытудан өтуге, жеке гигиена ережелерін сақтауға міндетті. Ішек дисфункциясының белгілері бар, сондай-ақ қолында жаралары бар қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді. Сонымен қатар, тағамдарды жылумен өңдеу - тағамнан ұлануды болдырмаудың бірден-бір жолы. Алайда, профилактикалық қауіпсіздік шаралары қаншалықты мүмкін сақталса да, азық-түлік өнімдеріндегі микрорганизмдердің болатынын ескеру қажет. Сондықтан қауіпсіздік үшін жеткілікті жылумен өңдеу өте маңызды.

Ұйымдасқан ұжымдарда жаппай тамақтану ұлануды болдырмау үшін ас блогы қызметкерлерін санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауға шақырамыз және балалардың денсаулығына құрметпен қараймыз.

МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының бастығы